

Абай /Ибрагим/ Құнанбаевтың 150 жылдық мерейтойын өткізуге әзірлік барысының қанағаттанғысыздығы туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 11 мамыр 1994 ж. N 495

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Абай /Ибрагим/ Құнанбаевтың туғанына 150 жыл толуына әзірлік барысын жеделдету жөніндегі қосымша шаралар туралы" 1993 жылғы 5 наурыздағы N 175 қаулысы тым қанағаттанғысыз орындалуда. Мұның алдындағы жылы жұмыс негізінен қосалқы объектілерде жүргізіледі. Ақмола, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Көкшетау, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Талдықорған облыстарының әкімдері мерейтойлық бірқатар объектілердің құрылысын жүргізу жөнінде бастамашылдық танытқанына қарамастан, олар өткен уақытта бұл объектілерде ешқандай жұмыс жүргізген жоқ.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі құрылысы жүріп жатқан объектілерді үздіксіз қаржыландыруды қамтамасыз етпеді.

Абай /Ибрагим/ Құнанбаевтың туғанына 150 жылдығын өткізу жөнінде бірінші кезектегі әзірлік жұмыстарын уақтылы аяқтау мақсатында және республикада қалыптасқан экономикалық және қаржы жағдайын ескеріп Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі 1994 жылы Экономиканы өзгерту қорынан Жидебай поселкесіндегі Абай мен Шәкәрім кесенесінің бірінші кезегінің құрылысын жүргізуге және Семей қаласындағы Абай мұражайының бас ғимаратына жалғас құрылысқа 1994 жылға көзделген барлық қаражатты одан әрі индекстей отырып 8,5 млн. теңге бөлсін және оларды 1995 жылдың бірінші жарты жылдығында толық аяқтауға 1995 жылы осы қордан қажетті қаражат бөлуді қарастыратын болсын.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың игерілуіне қарай үздіксіз қаржыландыруды қамтамасыз етсін. <*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚРМК-нің 1994.08.05. N 879 қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Абай /Ибрагим/ Құнанбаевтың туғанына 150 жыл толуына әзірлік барысын жеделдету жөніндегі қосымша шаралар туралы" 1993 жылғы 5 наурыздағы N 175 қаулысының /Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-Ы, 1993 жыл, N 7, 85-бап/ 6 және 7 тармақтары өзгертіліп:

- Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Павлодар облыстарының әкімдері Қарауыл селосындағы Мәдениет үйінің жабдықтарын алмастыра отырып, қайта жаңарту мен күрделі жөндеуді қаржыландыруды қарастырсын;

- Көкшетау, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімдері Қарауыл

селосындағы музыка мектебінің құрылысын аяқтауды жабдықтар мен аспаптар алуды қаржыландыруды қамтамасыз ететін болсын;

- Ақмола және Талдықорған облыстарының әкімдері қажетті жабдықтар ала отырып, Қарауыл селосындағы 50 орындық қонақ үйі құрылысының аяқталуын қаржыландыруды қамтамасыз етсін;

- Алматы облысының әкімі Бөрлі селосындағы Омархан-Нұржамал /М.О.Әуезовтің әке-шешесінің/ зиратының басына орнатылған ескерткіш құрылысын қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

Аталған облыстардың әкімдері аталған объектілердің құрылысын уақтылы аяқтау және пайдалануға беру үшін 1994 жылғы сәуір-мамырда Семей облысының әкіміне материалдар мен конструкциялар алуға 1 млн. теңге бөлетін болсын, осы мақсаттарға қажетті қаражат мұнан былай инфляциялық процесті ескере отырып жұмыстың нақты орындалған көлеміне қарай тоқсан сайын бөлінсін.

Семей облысының әкімі облыстағы мердігерлік ұйымдардың күшімен 1994 жылы бөлінген қаражат көлемінде аталған объектілердің құрылысын жүргізуді және қайта жаңартуды, әрі жұмыстың жоғары сапада орындалуын қамтамасыз ететін болсын.

3. Аталған объектілердің барлығы бірінші кезектегі құрылыстар деп саналсын, олардың құрылысы 1995 жылғы бірінші жарты жылдықта аяқталатын болсын. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 5 наурыздағы N 175 қаулысына тізбеге енген қалған объектілердің құрылысын М.О.Әуезовтің туғанына 100 жыл толуына атап өту қарсаңында аяқтау көзделсін.

4. Семей облысының әкімі аудан орталығы Қарауыл селосында 20 коттедж салуға қаражат іздестірсін және олардың 1995 жылғы шілдеден кешіктірілмей пайдалануға берілуін қамтамасыз етсін.

5. Алматы, Ақтөбе, Атырау, Жамбыл, Жезқазған, Батыс

Қазақстан, Қызылорда, Маңғыстау, Торғай және Оңтүстік Қазақстан облыстарының әкімдері Абай мерейтойын әзірлеу мен өткізуге тікелей қатысатын болсын, 1994-1995 жылдар ішінде осы мақсатта Семей облысы әкімінің арнайы есепшотына қаржы аударып, 1994 жылғы 1 маусымға дейін мына көлемде /млн. теңге/ қаражат бөлінсін.

	1994 жыл	1995 жыл
Алматы облысының әкімі	1	0,5
Ақтөбе облысының әкімі	1	0,5
Атырау облысының әкімі	1	0,5
Жамбыл облысының әкімі	1	1
Жезқазған облысының әкімі	0,5	1
Батыс Қазақстан облысының әкімі	-	1

Қызылорда облысының әкімі	0,3	0,2
Маңғыстау облысының әкімі	1	0,5
Торғай облысының әкімі	0,3	0,3
Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі	2	1

6. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің мерейтойлық объектілердің құрылысы үшін Жаңаөзен-Семей маршруты бойынша ақ әктеуішті тегін тасу туралы бастамашылдығы мақұлдансын.

7. "Қазақстан жолдары" мемлекеттік акционерлік компаниясы 1994 жылы Республикалық жол қоры есебінен Семей-Қарауыл автотрассасын, Жидебай және Бөрлі поселкелеріне кірме жолдарын қайта жаңарту жөнінде 23 млн. теңге көлеміндегі жұмысты жүзеге асыратын болсын.

8. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі ЮНЕСКО-ның штаб-пәтеріндегі кешенді экспозицияны орындауға "Сана" көркем этнографиялық бірлестігіне 1 млн. теңге сомасында кредит берсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі